

Мулдағалиева А.А.,
Жубанова К.Х.

**Шетел тілі пәнінің
студент-жастарды «Мәңгілік
ел» ұлттық идеясының
рухында тәрбиелеудегі
алатын орны**

Мақала «Шетел тілі» пәнінің жастарды «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының рухында тәрбиелік потенциалы туралы баяндайды. Типтік бағдарлама бойынша «Шет тілі» пәнін оқытудың міндеттері мен мақсаттары шет тілін үйретумен қатар тәрбиелік мәні бар, ол жаңа формацияның мамандарын даярлау. Мақалада студент жастарды «Айналанды нұрландыр!» қозғалысының принциптеріне сәйкес тәрбиелеуге баса назар аударылады. Осы орайда әртүрлі өткізілетін шаралар студент жастарды патриоттық сезімге, ана тіліне, отансүйгіштікке, өз халқының әдет-ғұрыптарын тануға бағытталады.

Түйін сөздер: ұлттық идея, жоба, құндылық, жоғарғы оқу орны, рух, моральдық норма.

Muldagaliyeva A.A..
Zhubanova K.H.

**The role of the discipline
«Foreign language» in education
of students in the spirit of
national idea «Мәңгілік ел»**

The paper considers the proper use of educational potential of English classes in educating students in the spirit of the national idea of «Мәңгілік ел». The aim and tasks of teaching the discipline «Foreign language» are directed towards not only foreign language acquisition but also they have the function to train the specialists of a new type. The paper reports that within the framework of education in the spirit of the national idea «Мәңгілік ел» teachers of the English language at Al-Faraby Kazakh National University conduct different kinds of cultural events. They are the implementation of the project «Brighten the corner where you are» the aim of which is to instill the spirit of patriotism, love for motherland, language, national traditions and customs.

Key words: National idea, project, value, higher educational institutions, spirit, moral norms.

Мулдағалиева А.А.,
Жубанова К.Х.

**Роль дисциплины иностранный
язык в воспитании
студенческой молодёжи в духе
национальной идеи
«Мәңгілік ел»**

Статья посвящена использованию воспитательного потенциала дисциплины «Иностранный язык» в воспитании студенческой молодёжи в духе национальной идеи «Мәңгілік ел». Цели и задачи обучения иностранным языкам и разговорные темы в типовой программе по дисциплине иностранный язык направлены не только на освоение иностранного языка. Они служат основой для воспитания специалистов новой формации. Также в статье особое внимание уделяется вопросу воспитания студенческой молодёжи в духе движения «Освети свой мир», («Айналанды нұрландыр») и проведения различных мероприятий направленных на формирование у студентов патриотизма, любви к Родине, к языку, к традициям и обычаям своего народа.

Ключевые слова: национальная идея, проект, ценность, высшие учебные заведения, дух, моральные нормы.

**ШЕТЕЛ ТІЛІ ПӘНІНІҢ
СТУДЕНТ-ЖАСТАРДЫ
«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ
ИДЕЯСЫНЫҢ
РУХЫНДА
ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ
АЛАТЫН ОРНЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Мәңгілік ел» атты ұлттық идея алғашқы рет жарияланды. Аталған идея халықтың рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін және Қазақстанның алға басуына зор ықпалын тигізетін, болашақ табыстардың негізі болатын идея екені хақ.[1]

«Мәңгілік ел» идеясы әр қазақстандықтың санасында түпкі идея болуы керек екені сөзсіз. Бұл идеяның құндылығы, ол Қазақстан халқының келешекке деген сенімін арттырады және мемлекеттің тіршілікке бейімділігіне, оның алға дамуға қабілеттілігіне көз жеткізеді. Мемлекет оның идеясы болған кезде ғана, және бұл идеяның әр жеке азаматтың өміріне, әсіресе жастарға рух бере алатындай күші болса мемлекет тіршілігінің мәні болады және ол мемлекет үнемі даму үстінде болатыны анық.

Ұлттық идея халық тіршілігінің мәнін анықтайды және осы халықты сипаттайтын сұрақтарға, сонымен қатар ұлттың тарихы мен пайда болуына қатысты және оның тарихи міндеті жөніндегі сұрақтарға жауап беруге негізделген. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық идея – бұл ұлттың өзін-өзі тануының жүйелілігі. Ұлттық идея азаматқа мақтаныш сезімін, кез келген қарапайым адамның жүрегіне жол табар қандай да бір қасиетті, мәңгілік, ортақ нәрсеге қатысын тудыруы керек.

«Мәңгілік ел» идеясын іске асыратын, болашақты жасайтын ертеңгі азаматтар – бүгінгі жас ұрпақ, сондықтан да оларды тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең басты мәселесі. Жастармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының сипаты қандай болса, жемісі де соған сай болатыны белгілі.

«Адамға ең бірінші керегі – тәрбие беру. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», – деген данышпан Әл-Фараби бабамыз.[2]

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудың бірден-бір шарты ол жас буынды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу. Осындай сезімді тәрбиелеу – тұтастай халықтың ісі, білім беру ордасы және отбасының міндеті.

Өткен ғасырдың ғұлама ғалымы, қатысымдық теорияның авторы, ұлы Альберт Эйнштейн осыдан 79 жыл бұрын 1936

жылы 15 қазанда Американың жоғарғы білім беру жүйесінің 300 жылдығын атауға арналған жиналыста мынадай ойын айтады: «Үкімет пен халық елдің болашақ азаматтарына білім беру және тәрбиелеу қызметін оқу-ағарту ордаларына жүктейді. Егер де қоғам алға қарай беттеп дамығысы келсе, басқа елдермен бәсекелестікке қабілетті болғысы келсе ол қоғамның бірден-бір алға қоятын мақсаты – жас буынды түзеу, олардың бойына сол қоғамның моральдық-рухани құндылықтарын сіңірту, отандарына қызмет ету сияқты қасиеттерді дамыту. Бірақ оқу ордаларының есте сақтайтын бірден-бір өте маңызы зор нәрсе – ол әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, олардың креативтік ойлау дағдыларын арттыра білу, өз бетімен шешім қабылдап, қоғамда өз орнын таба алатындай азамат тәрбиелеу болады» [3, 221]. Альберт Эйнштейннің тағы да бір құнды ойын келтіргіміз келеді: «Адамның құндылығы оның аларынан берері көп қасиетімен өлшенеді... Психологиялық тұрғыдан мектеп, университет жастардың өз мойындарына жүктелген жұмысты үлкен қызығушылықпен орындап, оның нәтижелеріне қуана білу сезімін қалыптастырулары керек. ...Өмірдің қырлары көп. Оны біле отырып оқытушылар рухы жоғары, өмірде өз жолын таба алатын және де өмірдің түрлі-түрлі жағдайларына бейімделе білетін, өз жанұясына, еліне, халқына пайдалы болуға құлшынатын азаматтарды тәрбиелеуге ұмтылулары керек» [4, 223].

Альберт Эйнштейннің осыдан 79 жыл бұрын Америка Құрама Штаттарының жоғарғы оқу орындарының мақсаты мен міндеттері туралы айтылған ойы Қазақстанның білім ордаларына бүгінгі күнде маңызы зор.

Осы орайда Қазақстанның жас ұрпаққа біліммен қоса тәрбие беру, соның ішінде патриоттық тәрбие беру жоғарғы білім беру ордаларының міндеттерінің іргетасы. Қай пән болмасын барлығының мақсаттары мен міндеттері студенттерге кәсіби білім берумен қатар патриоттық рухтары жоғары, интеллектуалды, парасатты, жауапкершілігі мол Қазақстанның келешек азаматтарын дайындауға атсалысуға тиісті.

Осы мақалада біз «Шетел тілі» пәніне оқыту негізінде «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» және «Мәңгілік ел» идеяларын жүзеге асыру мәселесін қарастырамыз.

«Шетел тілі» оқу пәнінің басқа пәндермен салыстырғанда айтарлықтай өзіндік ерекшеліктері бар: басқа пәндер сияқты емес, ол қарым-қатынас орнату құралы ретінде меңгеріліп, ондағы қарастырылатын тақырыптың мәні ой түбінде

жатады. Сондықтан, шетел тілі пәнінің мазмұны жоғарыда айтылған идеяларды іске асыру мақсатына қолайлы. Бұл пәннің жастарды тәрбиелеу үдерісіндегі орны ерекше. Шетел тілін оқыту курсына студенттерге білім беру және тәрбие жұмысы бірге іске асырылады, оның себебі, бұл курстың мақсаты мен міндеті келешек мамандарды мәдени-аралық қарым қатынас жасауға, әлеуметтік салада күнделікті өмірде шетел тілін коммуникативтік құрал ретінде қолдануға үйрету, осымен қатар студенттердің бойында Қазақстан мен үйренетін шетел тілінде сөйлейтін елдің дәстүрін, тарихын, географиясын мәдени құндылықтарын бағалау сезімін қалыптастыру, студенттердің ой-өрісін кеңейту, креативті түрде ойлау қабілеттерін арттыру болады.

Шетел тілі пәнінің мақсаты студенттерді ауызекі сөйлесуде, тұрмыста, күнделікті өмірде, өз мамандығы саласында, кәсіби қарым-қатынас жасауда шетел тілін белсене қолдана білу дағдыларына үйрету. Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес, шетел тілі пәнінің бекітілген тақырыптық мазмұны төмендегідей:

I. Адам, оның өмірі, қызметі, және оның қоршаған ортасы

Өмірбаян. Жұмыс күні. Күн тәртібі.

Ақша мәселесі.

Демалыс, хобби.

Отбасы, туыстық байланыстар, достар.

Үй, пәтер, жиһаз.

Денсаулық, медициналық қызмет көрсету.

Тамақ, азық-түлік, асхана, мейрамхана, ұлттық ас.

Спорт және спорттық өмір, спорттық жарыстар.

Киім.

II. Қазақстан және өзі үйренетін шетел тілінде сөйлейтін ел

Географиялық орны, астанасы, қалалар мен олардың көрнекті жерлері.

Мемлекеттің саяси құрылымы, экономикасы;

Мәдениет, салт-дәстүр, мерекелер.

Кино, театр, музыка.

Саяхат, туристік бағыттар.

III. Қазақстан мен өзі үйренетін шетел тілінде сөйлейтін елдің орта және жоғары білім беру жүйесі

Олардың айырмашылығы мен ұқсастығы.

Университет, мамандық таңдау.

Оқу және студенттік өмір.

Студенттің болашақ мамандығы. Жұмысқа орналасу. Сұхбаттама.

Шетел тілі пәнінің негізгі оқу материалдары – шетел авторларының кітаптары. Бұл кітаптар-

дың бір жақсы жағы ағылшын тілін күнделікті өмірден алынған, жоғарыдағы тақырыптағы мәтіндер негізінде оқытады. Мысалы, әл-Фараби университетінің жаратылыстану факультеттері студенттері ағылшын тілін English File оқулығы бойынша меңгереді және бағдарламаға көптеген ұлттық компоненттер (национальный компонент) енгізілген. Шетел тілі пәнін оқытуға пайдаланылатын барлық материалдардың мазмұнының зор тәрбиелік мәні бар.

Мысалы English File оқулығында мынадай тақырыптардағы мәтіндер бар: «We are family». (Біздің жанұя), «Back to school, aged 35» (35 жаста мектепке оралу), «In an ideal world...» (Мінсіз әлемде), «Same planet, different worlds» (Түрлі әлем бір жаһанда), «Can we make our own luck?» (Біз өзіміздің бағымызды аша аламыз ба?).

Шет тілдерін меңгеру барысында студенттердің күнделікті тұрмыста шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға бағытталған қоғамдық мораль нормаларына сәйкес өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік беретін мәселелер талқыланады. Сондай-ақ, студенттердің дүнетанымын, олардың адамгершілік қасиеттерін арттыру, қазіргі заманғы отбасы мәселелерін шешу, толеранттылық-қамқорлық, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлерге және көптеген елеулі мәселелер аясындағы тақырыптар қарастырылады. Осының бәрі студенттердің мәдени және интеллектуалды деңгейлерінің көтерілуіне, адал және парасатты болуларына, айналада болып жатқан келеңсіз жағдайларға бей-жай қарамауларына, белсенді өмірлік бағыт ұстанымдарын қалыптастырылуына ықпал етеді. Тәрбие жұмысы аудиториядағы сабақпен шектелмей аудиториядан тыс шараларда жалғасады. Жалпы, аудиториядан тыс шаралар шетел тілі сабағының жалғасы деп айтуға болады, себебі барлық шаралар ағылшын тілінде өтеді, соның арқасында студенттер өздерінің ауызекі сөйлеу, презентация жасау, өлең айту, тақпақ оқу дағдыларын дамытады.

Жаратылыстану факультеттеріне арналған шетел тілдер кафедрасының ұжымы кафедраның тәрбие жұмысының жоспарына әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі белгілі 3 жоба бойынша студенттермен жұмыс істеуді қосқан. Олар: «Айналанды нұрландыр!», «Жүз кітап» және «Грин кампус» жобалары.

«Жүз кітап» жобасына сәйкес оқытушылар ағылшын тілінде Абайдың, Мұқағали Мақатаевтың, Мұхтар Шахановтың, Даниел Дефонның, Шекспир, Гете, Оскар Уайлд, Джек Лондонның шығармалары бойынша конференция, диспуттар өткізіледі.

Бұл шаралардың түпкілікті мақсаты айтылған авторлар шығармаларының негізінде келешек ұрпақты өз таланттарын аша алатын, өмірде өз орнын таба алатын, патриоттық және ұлттық санасы мол рухани толыққанды азаматтарды тәрбиелеу.

Сонымен бірге өткізіліп жатқан шаралар ағылшын тілін оқудың келесі мотивтерін арттыруға стимул болады:

1. қарым – қатынас ортасын ұлғайтуға тырысу,
2. танымдық іс – әрекеттерді тереңдете түсу және ұлғайту,
3. оқып жатырған тілдің әсемдігіне қызығушылық таныту,
4. осы тілді меңгерген халыққа және оның мәдениетіне қызығушылық таныту.

Ағылшын тілін оқу процесінде бұл мотивтер бөлектенуі, нақтылануы немесе бірігуі мүмкін.

Кафедраның тәрбие жұмысы жоспары бойынша төмендегідей тақырыптарда іс-шаралар өткізіледі: «The land I am proud of», «Kazakhstan is my homeland», «Kazakhstan is my Castle», «Kazakhstan: Geographical position, political structure, economics, customs and traditions», «What I would like a foreigner to know about my country?», «National identity», «Brighten your corner!» Пікір-талас, проектік жұмыс, диспут сияқты іс-шаралар студенттердің бойындағы топпен бірге жұмыс істеу, рәміздерге, ел тарихына деген құрмет сезімдерін оятады. Осы іс-шаралардың бәрі әрқашан жастардың патриоттық рухтары жоғары болып, Отанын сүйуге және оның тарихын білуге, туған жері мен салт-дәстүрін құрметтеп, қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында жүргізіледі.

Елбасының рухани-адамгершілікті дамыту, тәрбиелі, аман-сау қоғам құрудағы бұл ұлттық идеясы біріккен «Қазақстан жолы – 2050» стратегиясындағы мақсаттарды шешуге негізделген «Айналанды нұрландыр!» жобасы 3 жыл бұрын университетімізде қолға алынған болатын. Жобаның осы күнге дейін жалғасын табуы – университеттік қоғам тарапынан қолдауға ие болуымен тікелей байланысты.

Айналанды нұрландыр! (Brighten One Corner) атты қозғалыстың тарихы Корея елінен бастау алған. Корея елінің Anyang университетінің құрметті президенті Юнг Сил Ким Корея жастарына тиімді, терең білім берудің және білікті маман даярлаудың жолдарын қарастыру барысында, сонымен қатар Корея жастарының ұлттық рухын көтеріп, күш беретін әсерлі ұранды іздейді. Осы ізденіс нәтижесінде «Айналанды нұрландыр!» атты ұранмен бастайды.

Бұл қозғалыстың негізгі идеясы – әрбір жеке тұлға өз үйінде, отбасында, жұмыс орнында өз мойнына жүктелген міндеттерін үлкен жауапкершілікпен орындап, адал қызмет атқарса, көп ұзамай еңбек өз жемісін беретіні анық, осының негізінде бүкіл ел өңірінде өмір – бейбіт, салауатты, мәдениетті және бақыт ордасына айналады.

«Айналанды нұрландыр!» қозғалысының ең маңызды рухани принциптері:

Отбасында әке мен шеше ата-аналық парызын үлкен сүйіспеншілікпен орындап өнегелі ұрпақ тәрбиелесе;

Ұл мен қыз өз перзенттік борышынан бас тартпай, ата-анасын аялап құрметтесе;

Студенттер бар күш-жігерімен жақсы білім алуға талпынса;

Оқытушылар өздерінің әрбір шәкіртіне жоғары деңгейде білім беруден жалықпаса;

Қызметкерлер өз жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен орындаса;

Ел басқарып отырған ағаларымыз өз қызметін ел алдында адал атқарса,

бүкіл ел көлемінде бейбіт және берекелі-мерекелі өмір орнайды.

Айналасын нұрландыру бұл өз өмірінде міндеттерін анық білетін, берілген мәселеге өзін бағыттап, ұрпақтар бойы өз айналасын нұрландыруға тырысатын адамдардың рухани бастамасы.

Ел миллиондаған азаматтардан құралады. Әрбір азаматтың жасаған игі істері бір тұтастыққа бірігіп, жоғарғы көрсеткішті көрсету нәтижесі мемлекеттің ең биік шыңдардан көрінуіне себеп болатыны хақ!

«Айналанды нұрландыр» қозғалысы университет көлемінде қолға алынып жатқанына 3 жыл болса да, университет студенттер қауымының жүректерінен үлкен орын алды деуге болады.

Жобаның негізгі идеясы ең алдымен студент-жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу мен олардың болашақтағы тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық санасы мол ұрпақ тәрбиелеу, білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті. Өзіміздің өркениетті ел қатарына қосылу бағытындағы үлкен мәселелердің бірі келешек

ұрпақтың рухани дамуы. *Осы жобаның жастар үшін, қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін студенттердің бойындағы шабытынан, айтылған пікірлерінен терең түсінеміз.* Ал рухани-адамгершілік құндылық белгілі бір бағытта, мақсатты жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Адамгершілік құндылық – адамдық қасиетінің өлшемі. Оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі. Айналадағы адамдарға қайырымды болуы, салтанатты өмір сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені – әлемді тануы.

М. Шоқайұлы былай деген: «Мәдениет – адам әлемі. Мәдени көріністерде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құрылған. [2]. Бәрімізге белгілі қағида, ол мәдениет адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал». Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретін болса да, қазақ халқы жетелеген тұлғаның сипатын «Сегіз қырлы бір сырлы» деген бір ауыз сөзге сыйғызып, түйіндеген. Адам санасы үш түрлі құрамнан тұрады, ол ақыл-ой, сезім, ерік. Осыған орай оның санасында адам жаратылысының қай сипаты басым болса, оның өмірдегі ізденісі мен ұмтылысы да соны бейнелейді. Осы орайда бабамыз Әбу-Насыр Әл-Фарабидің «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат»- деген ұлағатты пікірін мойындай отырып, жас ұрпақты білім нәріне қандыру да оқытушының парызы екенін ұмытпағанымыз абзал [2, 38].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, ағылшын тілін меңгерудің тәрбиелік потенциалын дұрыс қолдану ары қарай дамуы мен жетілдіруіне қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзіреттік негізін салуға мүмкіндік береді. Жастар назарын білімге, адамгершілік құндылықа рухани және тарихи құндылықтарымызды бағалауға, патриотизмге аудару қажет. Елбасының жолдауында көрсетілгендей, дамушы елдердің қатарына тек сапалы, жоғарғы білімді, тілдерді еркін меңгерген, көкірегі ояу, санасы терең жастардың арқасында ғана жетеміз.

Әдебиеттер

- 1 www.altyn-orда.kz/turkestan-03-prezident-rk-n-nazarbaev-mәngilik-el-n..
- 2 Асыллов Ү. Даналардан шыққан сөз. – А.: Мектеп, 1987.
- 3 Albert Einstein. On education. Thoughts on Perspectives. – New York, 1965. – P. 221.
- 4 Albert Einstein. On education Thoughts on Perspectives. – New York, 1965. – P. 223.

References

- 1 www.altyn-orда.kz/turkestan-03-prezident-rk-n-nazarbaev-mәngilik-el-n..
- 2 Asi'lov U'. Danalardan shi'qqan so'z. – А.: Мектеп, 1987.
- 3 Albert Einstein. On education. Thoughts on Perspectives. – New York, 1965. – P. 221.
- 4 Albert Einstein. On education Thoughts on Perspectives. – New York, 1965. – P. 223.